21. Felig P. The glucose-alanine cycle / P. Felig // Metabolism. – 1973. – Vol. 22, № 2. – P. 179-207. [https://doi.org/10.1016/0026-0495\(73\)90269-2](https://doi.org/10.1016/0026-0495(73)90269-2).
22. Fernstrom J.D. Tyrosine, phenylalanine, and catecholamine synthesis and function in the brain / J.D. Fernstrom // Journal of Nutrition. – 2000. – Vol. 130, № 2S Suppl. – P. 1539-1547. <https://doi.org/10.1093/jn/130.2.1539S>.
23. Brosnan J.T. The sulfur-containing amino acids: An overview / J.T. Brosnan, M.E. Brosnan // Journal of Nutrition. – 2006. – Vol. 136, № 6. – P. 1636-1640. <https://doi.org/10.1093/jn/136.6.1636S>.
24. Carta G. Palmitic acid: Physiological role, metabolism and nutritional implications / G. Carta et al // Frontiers in Physiology. – 2017. – Vol. 8. – P. 902.
25. Dayrit F.M. The Properties of Lauric Acid and Their Significance in Coconut Oil / F.M. Dayrit // Journal of the American Oil Chemists' Society. – 2015. – Vol. 92, № 1. – P. 1-15.
26. Труфанов, Н.С. Олеиновая кислота: её роль в питании и влияние на сердечно-сосудистую систему / Н.С. Труфанов, О.Н. Тихонов // Журнал кардиологии. – 2010. – Т. 16, № 4. – С. 45-50.
27. Fan Y.Y. Importance of dietary gamma-linolenic acid in human health and nutrition / Y.Y. Fan, R.S. Chapkin // The Journal of Nutrition. – 1998. – Vol. 128, № 9. – P. 1411-1414.
28. Simopoulos A.P. The importance of the ratio of omega-6/omega-3 essential fatty acids / A.P. Simopoulos // Biomedicine & Pharmacotherapy. – 2002. – Vol. 56, № 8. – P. 365-379.

References

1. Dzhuzgun. Zheleznye zemli / Dzhuzgun. – Moskva: Sovetskaya ehntsiklopediya, 1952. – Т. 51. (In Russian).
2. Song F. Complete plastome sequencing resolves taxonomic relationships among species of *Calligonum* L. (Polygonaceae) in China / F. Song i dr. // BMC Plant Biol. – 2020. – Vol. 20. – P. 261. (In English).

3. Omarkhan E.E. Rastenie dzhuzgun (*Calligonum setosum* L.): primeneniye v meditsine / E.E. Omarkhan, M.ZH. Bazarbaeva // Aktual'nye voprosy sovremennoi nauki i obrazovaniya: sbornik statei XXVII Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. – Penza, 2023. – S. 229-231. (In English).
4. Issledovanie khimicheskogo sostava rastenii roda *Calligonum* i ikh farmakologicheskoi aktivnosti [Elektronnyi resurs] / Almatinskii meditsinskii universitet. – URL: <https://amu.edu.kz/upload/iblock/7a8/7a8ae57c90be3d4acf0e26654d4f6dc7.pdf>. (In English).
5. Omarkhan E.E. Khimicheskii sostav rasteniya kandyma shchetinistogo (*Calligonum setosum* L.) / E.E. Omarkhan // Nauchnoe soobshchestvo studentov: Mezhdistsiplinarnye issledovaniya: sb. st. po mat. CLX mezhdunar. stud. nauch.-prakt. konf. – 2023. – № 5(159). (In English).
6. Barati, S. The Antioxidant Effects of *Calligonum* Extract on Oxidative Stress in Spermatogonial Stem Cells Culture / S. Barati, M. Movahedin // *Pharmaceutical Sciences*. – 2021. – Vol. 27, № 4. – P. 521-527. (In English).
7. Alghamdi S.S. Exploring in vitro and in silico Biological Activities of *Calligonum Comosum* and *Rumex Vesicarius*: Implications on Anticancer and Antibacterial Therapeutics / S.S. Alghamdi et al // *Saudi Pharmaceutical Journal*. – 2023. – <https://doi.org/10.1016/j.jsps.2023.101794>. (In English).
8. *Pakistan Journal of Pharmaceutical Sciences*. – 2022. – Vol. 35, № 4. – P. 1201-1208. (In English).
9. Pervaiz I. GC-MS metabolic profiling and anti-urease activity of non-polar fractions of *Calligonum polygonoides* / I. Pervaiz et al // *Tropical Journal of Pharmaceutical Research*. – 2019. – Vol. 18, № 9. – P. 1955-1960. (In English).
10. Duan, H. Complete chloroplast genome of *Calligonum mongolicum* and comparative analysis with other *Calligonum* species [Elektronnyi resurs] / H. Duan et al // *Genes*. – 2023. – Vol. 14. – № 2. – P. 441. <https://doi.org/10.3390/genes14020441>. (In English).
11. Singkh KH.P. Tyazhelye metally v lekarstvennykh rasteniyakh: issledovanie i upravlenie / KH.P. Singkh, M. Makhundzhu, R.T. Bauehr // *Fitoterapiya*. – 2018. – T. 29, № 3. – S. 160-170. (In Russian).
12. Gardner G. Dzh. Risk zagryazneniya tyazhelymi metallami v travyanykh preparatakh / G.Dzh. Gardner, R.N. Pirs // *Ehkologicheskii monitoring i otsenka*. – 2010. – T. 166, № 1-4. – S. 307-318. (In Russian).
13. Gosudarstvennaya farmakopeya Respubliki Kazakhstan: v 1 t. – Almaty: Izdatel'skii dom «Zhibek zhoIY», 2009. – T. 1. (In Russian).
14. Il'in V.B. Tyazhelye metally v sisteme pochva — rastenie / V.B. Il'in. – Novosibirsk: Nauka, 1991. – 151 s. (In Russian).
15. Kabata-Pendias A. Mikroehlementy v pochvakh i rasteniyakh / A. Kabata-Pendias, KH. Pendias. – Moskva: Mir, 1989. – 439 s. (In Russian).
16. Danbolt N.C. / Glutamate uptake / N.C. Danbolt // *Progress in Neurobiology*. – 2001. – Vol. 65, № 1. – P. 1-105. [https://doi.org/10.1016/S0301-0082\(00\)00067-8](https://doi.org/10.1016/S0301-0082(00)00067-8). (In English).
17. Smirnov A. Histidine as an Essential Amino Acid in Human Metabolism / A. Smirnov, E. Vorobyeva, A. Gantsev // *Amino Acids*. – 2018. – Vol. 50, № 4. – P. 1257-1267. <https://doi.org/10.1007/s00726-018-2625-3>. (In English).
18. Van Winkle L.J. Amino acid transport and metabolism in mammalian preimplantation embryos / L.J. Van Winkle // *Frontiers in Bioscience*. – 2001. – Vol. 6. – P. 618-630. – <https://doi.org/10.2741/vanwink>. (In English).
19. Morris S.M. Jr. Arginine metabolism: Enzymology, nutrition, and clinical significance / S.M. Morris Jr. // *Journal of Nutrition*. – 2004. – Vol. 134, № 10. – P. 2743-2747. – <https://doi.org/10.1093/jn/134.10.2743S>. (In English).
20. Layman D.K. The role of leucine in weight loss diets and glucose homeostasis / D.K. Layman // *Journal of Nutrition*. – 2003. – Vol. 133, № 1. – P. 261-267. <https://doi.org/10.1093/jn/133.1.261S>. (In English).
21. Felig P. The glucose-alanine cycle / P. Felig // *Metabolism*. – 1973. – Vol. 22, № 2. – P. 179-207. [https://doi.org/10.1016/0026-0495\(73\)90269-2](https://doi.org/10.1016/0026-0495(73)90269-2). (In English).
22. Fernstrom J.D. Tyrosine, phenylalanine, and catecholamine synthesis and function in the brain / J.D. Fernstrom // *Journal of Nutrition*. – 2000. – Vol. 130, № 2S Suppl. – P. 1539-1547. <https://doi.org/10.1093/jn/130.2.1539S>. (In English).

23. Brosnan J.T. The sulfur-containing amino acids: An overview / J.T. Brosnan, M.E. Brosnan // Journal of Nutrition. – 2006. – Vol. 136, № 6. – P. 1636-1640. <https://doi.org/10.1093/jn/136.6.1636S>. (In English).
24. Carta G. Palmitic acid: Physiological role, metabolism and nutritional implications / G. Carta et al // Frontiers in Physiology. – 2017. – Vol. 8. – P. 902. (In English).
25. Dayrit F.M. The Properties of Lauric Acid and Their Significance in Coconut Oil / F.M. Dayrit // Journal of the American Oil Chemists' Society. – 2015. – Vol. 92, № 1. – P. 1-15. (In English).
26. Trufanov, N.S. Oleinovaya kislota: ee rol' v pitanii i vliyanie na serdechno-sosudistuyu sistemuyu / N.S. Trufanov, O.N. Tikhonov // Zhurnal kardiologii. – 2010. – Т. 16, № 4. – S. 45-50. (In Russian).
27. Fan Y.Y. Importance of dietary gamma-linolenic acid in human health and nutrition / Y.Y. Fan, R.S. Chapkin // The Journal of Nutrition. – 1998. – Vol. 128, № 9. – P. 1411-1414. (In English).
28. Simopoulos A.P. The importance of the ratio of omega-6/omega-3 essential fatty acids / A.P. Simopoulos // Biomedicine & Pharmacotherapy. – 2002. – Vol. 56, № 8. – P. 365-379. (In English).

А.Ж. Жолдасбай*, Г.А. Сейтимова, А.А. Тургумбаева, Г.Ш. Бурашева
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71
 *e-mail: zhumagazeyevaa@gmail.com

CALLIGONUM SETOSUM LITV. ӨСІМДІГІН ФИТОХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Өсімдіктердің химиялық құрамын зерттеу және оларды дәрілік препараттар мен биологиялық белсенді қоспалар өндіруде пайдалану Қазақстан Республикасының химия және фармацевтика салаларын дамыту контекстінде барған сайын маңызды болуда. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және басқа да ұлттық стратегиялар аясында ел биотехнология, агрохимия, химиялық технология және фармацевтика салаларында инновациялық шешімдер әзірлеуге ұмтылуда. Әсіресе, пайдалы қосылыстардың көзі бола алатын өсімдіктерге ерекше назар аударылуда. *Calligonum setosum Litv.* сияқты өсімдіктерді зерттеу ішкі фармацевтикалық өндіріс қуатын арттыру жағдайында өзекті болып табылады.

Мақалада Қазақстан аумағында өсетін *Calligonum setosum Litv.* (мікенді жүзгін) өсімдік шикізатының амин қышқылдық және май қышқылдық құрамы бойынша зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеу барысында аминқышқылдарының, соның ішінде глутамин және аспарагин қышқылдарының, сондай-ақ γ -линолен қышқылы сияқты көп қанықпаған май қышқылдарының жоғары мөлшері анықталды. Тауарлық сипаттамалары, технологиялық параметрлері және ауыр металдар құрамына баға берілді. Алынған нәтижелер бұл өсімдікті таза қосылыстарды бөліп алу, сонымен бірге фармацевтикалық препараттар мен биологиялық белсенді қоспаларды әзірлеу үшін қолдануға болатындығын көрсетеді. Бұл мәліметтер өсімдік шикізатын өңдеудің жаңа әдістерін әзірлеу және болашақ зерттеулер үшін негіз бола алады.

Түйін сөздер: *Calligonum setosum Litv.*, амин қышқылын талдау, май қышқылының құрамы, тауарлық талдау, технологиялық көрсеткіштер.

A.Zh. Zholdasbay*, G.A. Seitimova, A.A.Turgumbaeva, G.Sh. Burasheva
 Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty
 050040, Republic of Kazakhstan, Almaty, 71 Al-Farabi Avenue
 *e-mail: zhumagazeyevaa@gmail.com

PHYTOCHEMICAL ANALYSIS OF CALLIGONUM SETOSUM LITV.

The study of the chemical composition of plants and their use to produce pharmaceuticals and biologically active additives are becoming increasingly important in the context of the development of the chemical and pharmaceutical industries of the Republic of Kazakhstan. Within the framework of the state program «Digital Kazakhstan» and other national strategies, the country is dedicated to creating innovative solutions in biotechnology, agrochemistry, chemical technology, and pharmaceuticals. Special attention is paid to plants, which can become sources of useful substances. Research on plants such as *Calligonum setosum Litv.* is especially relevant in the context of increasing domestic pharmaceutical capacities.

The article presents data on the study of the amino acid and fatty acid composition of plant material *Calligonum setosum Litv.*, which grows on the territory of Kazakhstan. The study revealed a high content of amino acids, including glutamic and aspartic acids, as well as polyunsaturated fatty acids such as γ -linolenic acid. An analysis of the commodity, evaluation of heavy metal content, and assessment of technological parameters were carried out. The results indicate the potential of using this plant for isolating substances in

their pure form, as well as for developing medicines and biologically active additives. The obtained data can become the basis for further research and development of new methods of processing plant raw materials.

Key words: *Calligonum setosum Litv., amino acid analysis, fatty acid composition, commodity analysis, technological indicators.*

Сведения об авторах

Асель Жумагалиевна Жолдасбай* – докторант кафедры Химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров; Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: zhumagazeyevaa@gmail.com. ORCID: [https:// orcid.org/0009-0006-0318-1443](https://orcid.org/0009-0006-0318-1443).

Гульназ Абсаттаровна Сейтимова – PhD, ассоц. профессор кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров; Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: sitigulnaz@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5157-1255>.

Акнур Аманбековна Тургумбаева – PhD, ассоц. профессор кафедры фундаментальной медицины, Казахский Национальный университет имени аль-Фараби; e-mail: aknurik_88@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8000-9202>.

Гаухар Шахмановна Бурашева – доктор химических наук, профессор кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров; Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: gauharbur@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2935-3531>.

Авторлар туралы мәліметтер

Асель Жумагалиевна Жолдасбай* – Органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технология кафедрасының докторанты; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: zhumagazeyevaa@gmail.com. ORCID: [https:// orcid.org/0009-0006-0318-1443](https://orcid.org/0009-0006-0318-1443).

Гульназ Абсаттаровна Сейтимова – PhD, Органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технология кафедрасының қауым. профессоры; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: sitigulnaz@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5157-1255>.

Акнур Аманбековна Тургумбаева – PhD, фундаменталды медицина кафедрасының қауым. профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; e-mail: aknurik_88@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8000-9202>.

Гаухар Шахмановна Бурашева – Химия ғылымдарының докторы, Органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технология кафедрасының профессоры; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: gauharbur@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2935-3531>.

Information about the authors

Assel Zhumagaleyevna Zholdasbay* – Doctoral student of the Department of Chemistry and Technology of Organic Substances, Natural Compounds and Polymers; Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: zhumagazeyevaa@gmail.com. ORCID: [https:// orcid.org/0009-0006-0318-1443](https://orcid.org/0009-0006-0318-1443).

Gulnaz Absattarovna Seitimova – PhD, Associate Professor of the Department of Chemistry and Technology of Organic Substances, Natural Compounds and Polymers; Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: sitigulnaz@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5157-1255>.

Aknur Amanbekovna Turgumbayeva – PhD, Associate Professor of the Department of Fundamental Medicine, Al-Farabi Kazakh National University; e-mail: aknurik_88@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8000-9202>.

Gauhar Shakhmanovna Burasheva – Doctor of Chemical Sciences, Professor of the Department of Chemistry and Technology of Organic Substances, Natural Compounds and Polymers; Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan; e-mail: gauharbur@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2935-3531>.

*Поступила в редакцию 03.12.2024
Поступила после доработки 07.02.2025
Принята к публикации 26.02.2025*



А.О. Оразымбетова¹, Г.Ф. Сагитова^{1*}, А.С. Сидиков², С.А. Сакибаева¹, А.Б. Иса¹

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,

160012, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Тауке хан даңғылы, 5

²И.М. Губкин. атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің филиалы,
Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.

*e-mail: guzalita.f1978@mail.ru

ЦЕОЛИТТЕРДІҢ ӘР ТҮРЛІ САЛАЛАРДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ (ШОЛУ)

Аңдатпа: Цеолиттердің ерекше қасиеттеріне байланысты олардың қолдану аясы өте кең. Толықтырғыштар резиналардың химиялық, технологиялық, физика-механикалық және экономикалық көрсеткіштерінің кешеніне тиімді әсер етуге мүмкіндік беретін резина қоспалары рецептінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Толықтырғыштардың бұл қатарында цеолит ерекше орын алады. Осы шолудың мақсаты цеолиттердің қасиеттерін, қолданылуын зерттеу және оларды промоторлық жүйе ретіндегі зерттеулерді жалғастыру үшін қарастырылған жұмыстарға талдау жасау болып табылады. Соңғы жылдары минералды шикізат негізіндегі промоторлық жүйелердің жаңа түрлерін жасау бойынша белсенді зерттеулер жүргізілуде. Бейорганикалық адгезия промоторларына тән қасиет олардың металл иондарын баяу шығару қабілеті болып табылады, яғни бұл эксплуатациялау кезінде резинаны жезбен қапталған металлға бекіту тиімділігіне оң әсер етеді. Бұл металл тұздарын жағымсыз әсерлерсіз, әсіресе, шикізаттың салыстырмалы арзандығынан туындайтын минералды тұздарды азғана мөлшерде енгізуге мүмкіндік береді. Цеолиттер ерекше қасиеттерге және құрылымдық ерекшеліктерге ие минералдар ретінде ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарында. Табиғаттан белгілі болған барлық 52-ден астам минералдың түрлері және цеолит сорттарының тек кейбір түрлері практикалық мақсатта қолдану талаптарын қанағаттандырады. Яғни ірі мономинералды концентрацияларды құрайды және сәйкесінше пайдалы қасиеттерге ие: жоғары адсорбциялық қабілет, катиондық сыйымдылық, және термо- және қышқылға төзімділік. Материалдық және химиялық құрамының, текстуралық және құрылымдық сипаттамаларының, физикалық, механикалық және адсорбциялық қасиеттерінің әртүрлілігіне байланысты цеолиттер көп мақсатта қолданылатын шикізат ретінде қарастырылуы мүмкін. Ал кез келген минералды шикізатты өнеркәсіптің әртүрлі салаларында табысты пайдалану үшін олардың текстуралық және құрылымдық сипаттамаларын тереңінен зерттеу, сонымен қатар заманауи технологиялық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, пайдалы қасиеттерін арттырудың жаңа жолдарын іздеу қажет.

Түйін сөздер: цеолит, табиғи минерал, резина қоспасы, адгезия промоторлары, клиноптилолит, каркас, кеукеті.

Кіріспе

Резина өнеркәсібінің алдында шикізатты үнемдеу және еңбек жағдайларын жақсартумен қатар өнім сапасын одан әрі арттыру мақсатындағы күрделі техника-экономикалық міндеттер тұр. Оларды жүзеге асыру үшін цеолиттердің (табиғи және синтетикалық) ерекше қасиеттерін, қолдану аясын, маңыздылығын тереңінен зерттеу қажет. Тақырыпты шолудың мақсаты аталған цеолиттердің резина саласында адгезия промоторлары ретінде қолданылуын қарастыру болып табылады.

Адгезия промоторлары – резина мен металлкорд арасындағы байланыстың жоғары және тұрақты беріктігін қамтамасыз ету үшін брекер резина қоспасының қажетті құрамдас бөлігі.

«Эластомер-металл» жүйесіндегі адгезиялық байланыстың жоғарылауы резинаны металлға желімдеу арқылы адгезия промоторларымен қамтамасыз етіледі. Адгезиялық промоторларды қолдану металдық арматурадан резина қоспасының ажырауын болдырмау үшін ілінісу қасиетін арттыру арқылы осы байланысты жақсартуға мүмкіндік береді. Адгезия промоторларының резина қоспасының металлға бекітілуіне әсері олардың металл бетімен өзара әрекеттесу және күшті химиялық байланыс түзу қабілетіне байланысты.

Резинаны металлға бекіту қиын міндеттердің бірі болып табылады, өйткені бұл жағдайда мүлдем гетерогенді және бір-біріне жақындығы жоқ материалдар жанасады [1]. Осы бағыт бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау адгезияның жаңа промоторларын мақсатты бағытта іздеудің жеткілікті күрделі теориялық жағын көрсетеді [1-5].

Өнеркәсіптік тәжірибеде резина қоспаларында адгезия промоторларының екі түрі қолданылады: ауыспалы валентті металдардың органикалық тұздары, әдетте кобальт пен никель және модификацияланған органикалық шайырлардың барлық түрлері [1].

Қазіргі уақытта қолданылатын көптеген промоторлық жүйелер импорттық өнімдер болып табылады және олардың өзіндік құны жоғары. Сондықтан, тиімділігі жағынан қол жетімді шикізатпен өндірілетін және салыстырмалы түрде төмен құны бар белгілі импорттық өнімдерден кем түспейтін жаңа адгезия промоторларын әзірлеу ғылыми зерттеулердің өзекті міндеті болып табылады.

Соңғы жылдары минералды шикізат негізіндегі промоторлық жүйелердің жаңа түрлерін жасау бойынша белсенді зерттеулер жүргізілуде. Бейорганикалық адгезия промоторларының өзіне тән ерекшелігі – олардың металл иондарын баяу шығару қабілеті, бұл эксплуатациялау кезінде резинаны жезден жасалған металға бекіту тиімділігіне оң әсер етеді. Бұл металл тұздарын әсіресе минералдарға азғана мөлшерде жағымсыз әсерсіз енгізуге мүмкіндік береді, осы негізінен бастапқы шикізаттың салыстырмалы арзандығынан туындайды [4, 5].

Мақалада резинаның металлордқа адгезиясын арттыратын цеолит негізіндегі аралас промоторлық жүйені алу үшін және табиғи цеолиттің құрылымы мен ерекше қасиеттерін зерттеу мақсатында келесі маңызды мәселелер қарастырылады: цеолиттердің шығу тарихы; цеолиттердің әлемдік қоры және ірі кен орындары; цеолиттердің табиғи және жасанды аналогтары; цеолиттердің химиялық құрамы және ішкі құрылымы; цеолиттердің адсорбциялық қасиеттері; цеолиттерді модификациялау; цеолиттердің қолданылу салалары.

Цеолиттің шығу тарихы

Табиғи цеолиттер қазіргі уақыттан шамамен 268 жыл бұрын белгілі болған екен. Тарихқа жүгінсек «цеолит» терминін Швед минералогы Аксель Ф. Кронштедт 1756 жылы қыздырылған кезде минералды үлгінің бетінде көбік түзілуін байқағаннан кейін енгізді. Минерал «қайнаған» болғандықтан, оны «цеолит» деп атады, яғни грек тілінен аударғанда *zein* «қайнату» және *lithos* «тас» деген мағына береді. Кейінірек бұл құбылыс минералды кеуектердің ішінде гидратациялық суды қыздырғанда бөліну құбылысы болғанын түсіндірді. Кронштедт минералы стеллерит пен стилбиттің қоспасы ретінде анықталды. 1840 жылы Дамур бұл материалдардың қайтымды ылғалдануы мен сусыздануын көрсетті. 1858 жылы табиғи цеолиттердің (шабазит және натролит) катион алмасу қасиеттері алғаш рет анықталды. 1862 жылы левайн синтезделді. Бұл материалдардың алғашқы өнеркәсіптік жетістігі, яғни оларды кір жуу үшін суды жұмсартқыштар ретіндегі ион алмасу қасиеттеріне байланысты қолданды. Бұл олардың негізгі қолданыс көзі ретінде пайдаланылды [6, 7].

Цеолиттер туралы ғылымның заманауи тарихы XX ғасырдың 30-40 жылдарында жаңа цеолиттер синтезделіп, олардың қолдану тәсілдері сипатталып, цеолиттердің алғашқы жіктелуі берілген кезден басталады.

1932 жылы Макбейннің жұмысында алғаш рет цеолиттерге және олардың адсорбция процестеріне, яғни "молекулалық елек" термині қолданылды. Бұл цеолит ғылымындағы ерекше бетбұрыс еді, өйткені ол жас ғалым Р.М. Баррерді цеолиттердегі әртүрлі молекулалардың қоспаларын бөлуді зерттеуге шабыттандырды. Ол бөліну процестеріне байланысты адсорбент ретінде цеолиттердің үлкен кереметін көрді. Келесі 20 жыл бойы ол цеолит синтезі бойынша зерттеулерді сәтті жүргізді. Осылайша ол табиғи цеолиттердің кристалдану шарттарын зерттеуге шабыттанып (гидротермиялық, яғни сілтілі орта және 200°C-тан жоғары температурада), нәтижесінде табиғи цеолиттердің P және Q деп аталатын табиғи аналогтары жоқ шабазит, морденит және басқалары сияқты кейбір синтетикалық аналогтарын алды [7, 8].

1949 жылы ол цеолиттердегі сілтілі-аммоний катиондарының алмасуын, содан кейін қыздыруды (күйдіруді) оларды протон алмасу түрінде алу стратегиясы ретінде сипаттады. Императорлық колледжде (1954-1976) жұмыс істеген профессор Р.М. Баррер тетраалкиламмоний катиондарын қолдана отырып, цеолиттің алғашқы синтезін жасады, ол кейіннен кеңінен танылды, яғни ол бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала беретін жаңа цеолит материалдарын алудың тиімді әдісі болып табылды.

Баррердің ашқан жаңалықтары өнеркәсіптің цеолиттерге деген қызығушылығын тудырды және цеолиттердің өнеркәсіптік өндірісінің дамуына және оларды қолдануға түрткі болды. 50-ші жылдары синтетикалық цеолиттерді өнеркәсіптік шығару және оларды қолдану басталды. Сонымен қатар 1960 жылдардың басында АҚШ-та, Жапонияда және кейбір басқа

елдерде табиғи цеолиттердің ірі кен орындары ашылды. Жаңа кен орындарының ашылуы олардың практикалық қолданылуын айқындайды [6].

Өткен ғасырдың 70 жылдары адамзаттың "цеолит дәуіріне" кіруін атап өтті, бұл жаһандық сауықтыру және қоршаған ортаны қорғау мәселесінің үлкен өзектілігімен байланысты, осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін цеолиттерді тиімді пайдалану қолға алында [6].

Ұзақ уақыт бойы олар сирек кездесетін минералдар болып саналды және олар коллекциялық экспонат ретінде қызықты болды. Бірақ бүгінде өзінің ерекше қасиеттерінің арқасында табиғи цеолиттер тіршілік әрекетінің көптеген салаларында кеңінен қолданыла бастады [7, 9].

Цеолиттердің әлемдік қоры және ірі кен орындары

Құрамында цеолиті бар жыныстардың әлемдік қоры бірнеше миллиард тоннаны құрайды, олардың негізгі бөлігі Ресейде, Қытайда, Қазақстанда, Жапонияда, АҚШ-та, Оңтүстік Кореяда және Грузияда шоғырланған. Мәселен, қазіргі уақытта әлемде цеолиттерді өндіру көлемі шамамен 30 млн. тоннаны құрайды және жыл сайын 20-25%-ға өседі [7]. Табиғи цеолитті әлемдік нарыққа қолдану және жеткізу көшбасшылары: Қытай (66,7%), Оңтүстік Корея (7,0%), Жапония (5,0%) және тағы басқа елдер.

Заманауи өнеркәсіптегі цеолиттердің маңызды рөлін АҚШ, Жапония, Италия, Югославия, Болгария растайды және кейбір басқа да елдерде жыл сайын 300 мың тоннаға жуық табиғи цеолит жыныстары өндіріледі.

ТМД ерекше назар аударатын цеолит тасымалдаушы аудандар, олар: Закарпат (Сокирниц кен орнының клиноптилолиті, Водицк, Липчинск кен орнының морденитпен клиноптилолиті), Закавказье (жалғыз Ахалцих кен орнының филлипситі, Тедзам, Дзегви, Айдаг, Ноемберян кен орындары), Бадхыз (Түрікменстан, Бадхыз кен орнының клиноптилолиті), Панфилов (Койбын кен орнының клиноптилолиті) және Призайсан (Қазақстан, Тайжюзген, Шанқанай кен орындарының клиноптилолиті) [10-12].

Шанқанай және Тайжюзген кен орындарын қоры бойынша орташа санатқа жатқызуға болады (Тайжюзген кен орнындағы цеолиттердің қоры - 7 млн.т., Шанқанай кен орнында -4,3 млн. т.). Оңтүстік Қазақстанда Алтын-Эмель, Қаржантау және Даубабин сияқты цеолит кен орындары алдын ала бағаланады.

Шанқанай кен орны цеолитін Қазақстанның Алматы облысындағы Кербұлақ ауданынан көруге болады. Цеолитті өндіру 1997 жылдан бастап Таза Су компаниясының қайта өңдеу зауытында қолға алынған. Шанқанай кен орны цеолиті негізінен көптеген мақсатта қолдануға жарамды таза алюмосиликатты шикізат болып табылады.

«Таза-Су» ЖШС (2003ж.) – табиғи цеолиттен шаруашылық-ауыз суы мен сарқынды суларды тазартуға арналған сүзгі материал шығаратын кәсіпорын. Сондай-ақ, цеолитті металлургия, химия, мұнай-газ саласындағы кәсіпорындарда және жануарлар мен құстардың жемдеріне тиімді қоспа ретінде қолданылады [13].

Цеолиттердің табиғи және жасанды аналогтары

Шығу тегі бойынша цеолиттер 2 үлкен топқа бөлінеді:

- табиғи цеолиттер (табиғи шығу тегі бар, олар екі түрге бөлінеді): шөгінді, жанартау;
- синтетикалық (жасанды жолмен алынған).

Цеолит түрлерінің әрқайсысының таңқаларлық өзіндік ерекшеліктері бар-біреуі жоғары пластикалық, екіншісі қанық күлгін түсті және қатты құрылым, үшіншісі өңдеуге өте ыңғайлы, ол әртүрлі заттармен жеңіл байланысады, яғни бұл минералды қолдану арқылы әртүрлі қасиетке ие нұсқаларды алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта цеолиттердің шамамен 53 табиғи және 100 жасанды аналогтары белгілі. Табиғи цеолиттердің ең көп таралғаны: клиноптилолит $(K_2Na_2Ca)_3[Al_6Si_{30}O_{72}] \cdot 20H_2O$; гейландит $(Na,K)Ca_4[Al_6Si_{27}O_{72}] \cdot 24H_2O$; филлипсит $K_2(CaO_5Na)_4 [Al_6Si_{10}O_{32}] \cdot 12H_2O$; ломонтит $Ca_4[Al_8Si_{16}O_{48}] \cdot 16H_2O$; морденит $(Na_2K_2Ca)_4 [Al_8Si_{40}O_{96}] \cdot 28H_2O$; эрионит $NaK_2Mg, Ca_{15}[Al_8Si_{28}O_{72}] \cdot 28H_2O$; шабазит $(Ca,Na_2)_2[Al_4Si_8O_{24}] \cdot 12H_2O$; феррьерит $(Na,K) Mg_2Ca_{0,5}[Al_8Si_{30}O_{72}] \cdot 20H_2O$; анальцим $Na[AlSi_2O_6] \cdot H_2O$. Қалған цеолиттер жиі кездеспейді, бірақ табиғи цеолиттердің ең үлкен практикалық құндылығы тек бірнеше сорттарға ие, олар: клиноптилолит, морденит және шабазит [14, 15].

Цеолит жыныстары кен орындарының ерекше сипаттамасы – кең ауқымда өзгеретін цеолитизация дәрежесі (цеолиттердің құрамы). Айта кету керек, цеолит жынысының құрамында 40%-дан астам таза цеолит бар табиғи минералға практикалық қызығушылық туады, ал цеолит жыныстарында басқа, егер олардың құрамында опал, монтмориллонит, кальцит, кристобалит болса, цеолит мөлшері аз жыныстар (10%-дан 40%-ға дейін) қатарында болады. Жоғары сапалыларға құрамында 70%-дан астам цеолит минералы бар жыныстар, орташа сапалыларға – 50-70% және кедей кендерге – 15-50% жатады [9].

Табиғи цеолиттер жанартау жыныстары мен күл қабаттары сілтілі жер асты суларымен әрекеттесетін жерде пайда болады. Цеолиттер сонымен қатар таяз теңіз бассейндерінде мыңдаған миллиондаған жылдар аралығында шөгінділерден кейінгі ортада кристалданады. Табиғи түрде кездесетін цеолиттер таза түрінде сирек кездеседі және олар белгілі бір дәрежеде басқа минералдармен, металдармен, кварцпен немесе басқа цеолиттермен ластанған [15].

Цеолиттердің таралуында зоналылық байқалады: клиноптилолит пен морденит тереңдігі ломонтит, ломонтит вайрацитке ауысады. Цеолиттер кварц, кальцит, монтмориллонит, аралас қабатты саз минералдары, хлорит, слюда, адуляр, альбит, прениг, эпидог, сфен, апатит, сульфидтермен байланысты [12].

Жоғарыда айтылғандай, ТМД минералды құрамы бойынша цеолит жыныстары келесі типтерге бөлінеді: клиноптилолитті, морденит – клиноптилолитті, морденитті, шабазитті және филлипситті. Клиноптилолит (гейландит тобынан) барлық дерлік кен орындарындағы цеолит кендерінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Оның жыныстардағы құрамы 30-дан 95%-ға дейін. ТМД елдерінің цеолит жыныстары негізінен вулканогендік жыныстармен ұсынылған, оларда цеолиттердің жалпы мөлшері 15-100% құрайды [9].


Цеолиттердің химиялық құрамы және ішкі құрылымы

Цеолиттердің фазалық құрамы мынадай пайыздық мөлшермен сипатталады: клиноптилолиттер (60-65%), монтмориллониттер (12%) және калийлі далалық шпаттар (3-3,5%). Цеолиттердің орташа статистикалық химиялық құрамы 1 кестеде келтірілді [16].

Кесте 1 – Цеолиттердің орташастатистикалық химиялық құрамы

Компоненттер, масс. %									
SiO ₂	TiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	MnO	CaO	MgO	K ₂ O	Na ₂ O	H ₂ O
69,0- 74,0	0,08-0,16	11,4-14,0	0,60-1,8	0,02-0,05	1,7-3,3	0,4-1,7	4,0-5,5	0,4-0,9	10-ға дейін

Цеолиттерді кристалды микрокеукті алюмосиликаттан тұратын кеңістіктік бейорганикалық полимер ретінде қарастыруға болады, олардың қаңқасы (каркасы) TO₄ бөлетін бұрыштарынан тұратын тетраэдрлер (1 сурет), мұндағы Т әдетте Si немесе Al атомдарын білдіреді.



Сурет 1 – Бұрыштарды бөлетін SiO₄ екі тетраэдр

Алюмосиликатты цеолиттің эмпирикалық формуласын $M_y^{z+} + [Si_{1-x}Al_xO_2]^{x-}$, мұндағы $x = yz$ түрінде көрсетуге болады, мұндағы $x = yz$ көбінесе $0 \leq x \leq 0,5$ мәнімен шектеледі, бұл құбылыс Левенштейн ережесі [6, 8].

Цеолит каркасы бал ұясына ұқсас және кремний мен алюминий анионит тізбегінен түзілген. Құрылысына байланысты каркас теріс зарядқа ие (2 сурет). Каркастағы теріс зарядтар жоғарыдағы формулада M^z ретінде ұсынылған каркастан тыс катиондық қосылыстармен өтеледі. Бұл катиондар цеолит каркасының тесіктері мен қуыстарының ішінде орналасқан және синтез жағдайына және материалдың постсинтетикалық өңдеуден өткеніне (қыздыру, ион алмасу) байланысты органикалық (әдетте алкилammоний) немесе бейорганикалық (сілтілі, сілтілі жер және басқа металдар) болуы мүмкін. Табиғи цеолиттер мен көптеген синтетикалық цеолиттерде әдетте гидратталған металл катиондары бар және ол Кронштед ашқан жаңалыққа сүйенеді [6, 8].



Сурет 2 – Цеолиттердің каркасты құрылымдары

Цеолиттердің тиімді кеуек диаметрі 0,26-0,8 нм диапазонын құрайды. Кеуек тесігі цеолиттің су молекулаларымен толтырылған. Кремний мен алюминийдің үлкен қатынасы бар жоғары кремнийлі цеолиттер максималды сіңіру әсеріне ие. Бұл арақатынас ұлғайған сайын кеуектілік артады және қуыстардың (кеуек) диаметрі артады. Цеолиттің ерекшеліктеріне катион алмасуының жоғары сыйымдылығы (200-300мг·экв/100гр), жоғары су сіңіргіштігі (өз салмағының 50-100%), наноканалдардың болуы (2,6-6,7 Å), кремнеземнің жоғары мөлшері, температура мен қышқылдарға төзімділік жатады [16].

Цеолиттер шоғырынан шығатын құрылымдық минералды бірліктері қосылу формасы бойынша кіші кластарға бөлінеді, яғни шикізатты филлосиликаттардың кіші класына (қабатты немесе жапырақты силикаттар), оған палыгорскит, смектит, каолинит топтары жатады және тектосиликаттардың кіші класына (каркастық силикаттар) жатады [15, 17].

Жоғарыда айтылғандай, табиғатта белгілі 52-ден астам минералдың түрлері және цеолит сорттарының тек кейбір түрлері практикалық мақсатта қолдану талаптарын қанағаттандырады, яғни ірі мономинералды концентрацияларды құрайды және сәйкесінше пайдалы қасиеттерге ие: жоғары адсорбциялық қабілет, катиондық сыйымдылық, және қышқыл мен термотұрақтылық.

Төменде көрсетілген Si/Al қатынасы кіріс қуыстарының өлшеміне және бос кристалл ішіндегі кеңістіктің көлеміне байланысты табиғи цеолиттердің жіктелуі, цеолиттерді иониттер мен адсорбенттер ретінде пайдалануға мүмкін болатын аймақтарын бағалауға көмектеседі.

Алюмосиликатты цеолиттер үшін ион алмасу қасиеттерін, термиялық және химиялық тұрақтылықты анықтайтын маңызды сипаттама каркастағы кремний мен алюминийдің салыстырмалы құрамы болып табылады. Si/Al-ге қатынасы бойынша барлық цеолиттерді жоғары кремнийлі, аралық және жоғары алюминийлі деп бөлуге болады. 2 кестеде цеолиттердің Si/Al қатынасы бойынша жіктелуі келтірілген [15].

Кесте 2 – Цеолиттердің Si/Al қатынасы бойынша жіктелуі

Қаңқаның (каркас) құрамы		Түрлері
Жоғары кремнийлі	> 3	Ферьерит, морденит, клиноптилолит, гейландит
Аралық	3-2	Филлипсит, оффретит, фожазит, шабазит
Жоғары алюминийлі	<2	Томсонит, натролит, скалецит, мезолит, гоннарцит

Практикалық тұрғыдан алғанда кремнийі жоғары және аралық цеолиттер үлкен қызығушылық тудырады. Цеолит қаңқасындағы (каркас) алюминий мөлшері артқан сайын алмасу сыйымдылығы арта түсетіні анықталды. Алайда, ереже бойынша химиялық және термиялық тұрақтылық пен көбінесе кіріс қуыстарының тиімді диаметрі бір уақытта төмендейді [15].

Құрамында алюминий бар цеолиттер де бар, олар цеосилдер немесе кремнезем құрамды таза цеолиттер деп аталады. Олардың құрамында қосымша каркаста катиондар жоқ екендігі белгілі. Таза кремнезем және жоғары кремнеземқұрамды цеолиттер қарқынды зерттеу сатысында, өйткені олар гидрофобты бетке ие және әдетте үлкен термиялық және химиялық қасиеттерге ие. Олар дәстүрлі цеолиттерге қарағанда тұрақтылыққа ие, олар адсорбцияда қолдану үшін пайдаланылады.

Барлық цеолит тәрізді материалдарда (цеотиптерде) міндетті түрде бола бермейтін Si және Al-дан басқа, яғни каркастағы тетраэдрлік үйлестіруде B, Be, Co, Fe, Ga, Ge, Mg, P, Ti және Zn тәрізді атомдар болуы мүмкін. Алюмосиликатты цеолиттерге ұқсас немесе олардан ерекшеленетін құрылымдар болып табылатын цеолиттердің құрамының көптеген нұсқалары бар. Сонымен, цеолит құрамының әртүрлілігі туралы цеолит құрылымдары туралы мәліметтер базасындағы кеңейтілген «химиялық іздеуден» білуге болады. Айта кету керек,

кейбір «гетероатомдардың» болуы белгілі бір құрылымдардың кристалдануына, әртүрлі химиялық қасиеттерге ықпал етуі мүмкін [6, 8].

Цеолиттерді құрылымдық сипаттаудың тағы бір тәсілі олардың кеуекті жүйелерінің өлшемдеріне, байланыстылығына, топологиясына және геометриясына негізделген. Кеуектер-бұл каркас атомдары иеленбейтін каркас ішіндегі бос кеңістіктер. Бұл тесіктер қалай қосылғанына және кеуектің өлшеміне байланысты әртүрлі мөлшердегі молекулаларға қол жетімді немесе қол жетімді болмауы мүмкін (n пішінді сақиналар кеуектер деп аталады).

Бір бағытта шексіз кеңейетін және өлшемі енетін молекулаларының бүкіл ұзындығы бойынша диффузиясын қамтамасыз ететін кеуектер арналар деп аталады. Арналар тек бір бағытта орналасқан кеуек жүйелері бар цеолиттер немесе әртүрлі бағыттардағы қиылыспайтын арналар деп аталады. Әр түрлі бағыттағы арналар қиылысқан кезде олар екі бағытты немесе үш бағытты арналар жүйесін құра алады. Бұл топтардың ішінде әр түрлі кеуек өлшемдері мен пішіндері бар көптеген құрылымдар бар. Егер цеолитте кеуектердің бір түрі көбірек болса, ол ең үлкен кеуектердің болуына қарай жіктеледі [6, 18, 19].

Цеолиттердің адсорбциялық қасиеттері

Әдетте, цеолиттердің адсорбциялық қасиеттері кіріс қуыстарының тиімді диаметрімен және су молекулалары алып жатқан кристалішілік көлеммен анықталады. Осылайша, кіріс қуыстарының тиімді диаметрлерінің айырмашылығы негізінде кең кеуекті, ортаңғы кеуекті және тар кеуекті цеолиттерді ажыратуға болады. 3 кестеде кіріс қуыстарының өлшемдері бойынша цеолиттердің жіктелуі келтірілген [15, 20].

Кесте 3 – Кеуектердің (қуыс) өлшемдері бойынша цеолиттердің жіктелуі

Атауы	Қуыстардың тиімді диаметрі, А	Түрлері
Кең кеуекті	>5	Фожазит, оффретит
Орташа кеуекті	4,3-3,5	Шабазит, эрионит, морденит, клиноптилолит
Тар кеуекті	2,6	Анальцим, филлипсит, ломонтит, натролит, томсонит, стильбит

Кіріс қуыстарының тиімді диаметріндегі айырмашылықтар газдар мен сұйықтықтарды адсорбциялау және қоспаларды молекулалық-електен бөлу үшін маңызды практикалық мәнге ие.


Дегидратацияланған цеолитпен адсорбцияланатын басқа молекулалар сияқты цеолит суының мөлшері бос кристалішілік кеңістіктің көлемімен анықталады. Осылайша, олардың бос көлемі бойынша цеолиттер борпылдақ және тығыз болып бөлінеді. 4 кестеде кристалл ішіндегі кеңістіктің бос көлеміне қарай цеолиттердің жіктелуі келтірілген [15].

Кесте 4 – Кристалішілік кеңістіктің бос көлемі бойынша цеолиттердің жіктелуі

Атауы	Кристалл ішіндегі кеңістіктің көлем, %	Түрлері
Бос	>40	Полингит, фожазит, шабазит, гмелинит
Орташа	40-30	Гейландит, клиноптилолит, эрионит, ломонтит
Тығыз	<30	Анальцим, натролит

Әсіресе борпылдақ цеолиттер кең кеуекті болып келеді, ал тығыз цеолиттерде әдетте алюминийдің көп мөлшері болады, бұл кристалл ішіндегі кеңістіктің катиондармен жоғары шоғырлануын анықтайды. Кіріс қуыстарының өлшемімен бірге бос кристалл ішіндегі кеңістіктің шамасы цеолиттердің адсорбциялық қасиеттерінің маңызды сипаттамасы болып табылады [12].

Табиғи цеолиттердің кристалдары кеуек немесе қуысты болып келеді, ішкі беткейлері жақсы дамыған (Сурет 3). Цеолиттерде қуыстардың жиынтық көлемі кристалл көлемінің 60 пайызын құрауы мүмкін.



Сурет 3 – Цеолиттердің ішкі құрылымы

Цеолиттердің адсорбациялық қабілеті қуыстардың жиынтық көлеміне байланысты болады. Цеолиттердің қуысты құрылысы оларға молекулаларды іріктеп жинауға мүмкіндік береді, яғни жоғарыда айтылғандай «молекулалық елек» қызметін атқарады. Арналардың өлшемдері оларға органикалық молекулалар мен катиондардың енуі үшін қолайлы болып табылады [21-24].

Цеолиттердің әртүрлі химиялық құрамы материалдардың физика-химиялық қасиеттерін белгілі бір бағытта өзгертуге мүмкіндік береді. Осылайша, цеолиттің ерекше орналасқан құрылымдық қаңқасы (каркас) мен белсенді химиялық орталықтары бағытталған химиялық реакцияларды жүргізу үшін матрица қызметін атқара алады [25].

Цеолиттерді модификациялау

Мәселен бағытталған модификация цеолитқұрамды минералдың қасиеттерін интенсификациялау технологиясының перспективалық саласы болып табылады.

Цеолиттерді белсендіру және модификациялау әртүрлі физикалық немесе химиялық әдістермен жүргізіледі. Физикалық әдістерге термиялық өңдеу, вакуумдық және температуралық жағдайда (вакуум кептіргіштер), жоғары қысым мен температурада (гидротермиялық өңдеу) үлгілерді өңдеу және ультрадыбыстық тербелістер мен жоғары жиілікті тоқтың, микротолқынды сәулеленудің және мерзімді күшті соққы толқындардың үлгілерге әсер етуі жатады [26-30].

Химиялық әдістер минералдарды химиялық реагенттермен модификациялаудан (өзгертуден) тұрады. Бұл жағдайда минералды қышқылдар мен органикалық заттардың ерітінділерімен жүргізілетін «қатты» және «жұмсақ» химиялық модификация туралы шартты түрде айтуға болады [31, 32].

«Қатты» модификация алюмосиликатты күшті бейорганикалық қышқылдардың ерітінділерімен өңдеу арқылы жүргізіледі. Цеолит қышқылмен байланысқан кезде цеолиттің алмастырылатын катиондары жойылады және бос орындарды сутегі иондары алады, нәтижесінде каналдан шығатын терезелердің өлшемдері мен арналардың пішіні өзгереді. Бұл микрокеуектердің тиімді мөлшерінің ұлғаюына және цеолиттің алмасу қабілетінің артуына әкеледі, ал «жұмсақ» модификация процестеріне минералды бейорганикалық және органикалық катиондар, кремнийорганикалық қосылыстар, азот, фосфор бар қосылыстар және басқа заттармен модификациялау кіреді [33-35]. Автордың [36] ғылыми жұмысында Шанқанай кен орны цеолитін тұз қышқылы және хитозанмен модификациялау арқылы сорбенттер алынған, сонымен қатар сорбенттердің сорбциялық қасиеттеріне қыздыру температурасының әсері зерттелген. Модификацияланған цеолиттердің физика-химиялық талдауы нәтижесінде цеолит бетіндегі бос орындар мен каналдар көлемінің ұлғаюы байқалған, ал хитозанмен модификациялағанда табиғи цеолит бетімен тігілетінін көрсетілді. Атап айтсақ Шанқанай кен орны цеолитін тұз қышқылымен модификациялау процесінде сорбциялық процестерде бос және белсенді орталықтардың түзілуіне ықпал ететін қуыстар мен каналдар мөлшері ұлғаятыны анықталды, зерттеу нәтижесінде қышқылмен өңделген цеолиттің сіңіру қабілеті жоғарылады.

Хитозанды модификациялау процесінде табиғи цеолиттің беті хитозанмен байланысу әрекетіне (тігіледі) ие болғаны көрсетілді. Яғни хитозанмен модификацияланған цеолиттің кеуектілігі өзгереді және оның сорбциялық сипаттамасы табиғи цеолитпен салыстырғанда жақсарады.

Қышқыл ерітінділерімен өңдеу цеолиттерді өзгертуге және олардың қасиеттерін мақсатты түрде бағыттауға мүмкіндік береді [37]. Қышқылмен өңдеудің себебі, оның салдары және оның жүргізілу тәртібі келесі мәліметтерде келтірілген: Барлық цеолиттік құрылымдағы арналар мен қуыстарда орналасқан ауыстырылатын катиондар кейде канал жүйесін блоктайды. Цеолиттердің микрокеуектерінде айтарлықтай орын алатын катиондарды қышқылмен өңдеу арқылы жоюға болады. Катиондардан басқа, қаңқалық алюминийді қышқылмен жоюға болады және мұндай деалюминация цеолит минералының құрылымының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Цеолит торынан алюминийді алу гидроксил ұяшығының пайда болуына жағдай жасайды. Сондықтан қышқылмен өңдеудің артықшылығы қоспаларды кетіру және осылайша жаңа кеуектер мен белсенді орындардың пайда болуы, ал жоғары қышқыл концентрациясынан туындайтын кемшілігі цеолиттік қаңқаның ішінара немесе толық бұзылуын тудыруы мүмкін [38].

Табиғи цеолиттерді минералды қышқылдармен өңдеу – олардың бетін белсендірудің маңызды әдістерінің бірі болып табылады [37]. Бұл саладағы зерттеулер қышқылды

белсендіру процесінің химиясы мен механизмін ғана емес, сонымен қатар минералдардың физика-химиялық және сорбциялық қасиеттерінің өзгеру себептерін де анықтауға ғылыми қызығушылық тудырады [39].

Табиғи ғана емес, сонымен қатар синтетикалық цеолиттердің қасиеттерін өзгертудің жиі қолданылатын әдістеріне мыналар жатады: ион алмасу, беттің функционалдануы, күйдіру (қыздыру) және бумен өңдеу және т.б. [40-42].

Мәселен, алюмосиликат минералдарының иондық алмасуы олардың қышқылдық-негіздік, тотығу-тотықсыздану және текстуралық қасиеттерін өзгертуге мүмкіндік береді (кеуектердің мөлшері және адсорбаттармен өзара әрекеттесуі). Бұл әдетте алмастырылатын катиондық қосылыстардың жоғары концентрациясы бар сулы ерітіндіде жүзеге асырылады. Тепе-теңдік күйіне жеткеннен кейін цеолит сүзіледі, жуылады және кептіріледі және одан әрі алмасуға немесе модификацияға ұшырауы мүмкін. Жалпы жағдай металдар немесе аммоний сияқты шағын катиондардың алмасуы болып табылады [43].

Цеолит беттерінің қызметі цеолит материалдарына жаңа химиялық және / немесе физикалық қасиеттер беруге мүмкіндік береді. Цеолит материалдарына өтпелі және асыл металдарды қолдану арқылы функционалданудың әрекетімен катализаторларды дайындау кеңінен қолданылады, өйткені ол беткі ауданы үлкен және жоғары химиялық белсенділігі бар катализаторларды алуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда металл бөлшектерінің реактивтілігі (ішінара) соңғы материалға беріледі [6]. Адсорбенттерге келетін болсақ, Ag және Cu субстраттарда, әсіресе олефиндерді, сутекті және көміртектің моно оксидін адсорбциялау үшін жиі қолданылады [43].

Субстраттардағы металл цеолит материалдары көбінесе сіңдіру немесе ион алмасу арқылы, ал соңғы уақытта газ фазасынан химиялық тұндыру арқылы алынады.

Функционалданудың тағы бір түрі металл емес функционалды топтарды цеолит бетіне егуді қамтиды, мысалы оларға бейорганикалық қышқылдар, аминдер және силандар жатады.

Цеолиттердің қолданылу салалары

Цеолиттер спецификалық қасиеттері мен құрылымдық ерекшеліктеріне ие минералдар ретінде ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарын аударды. Қазіргі таңда табиғи цеолиттерге сұраныс металл емес пайдалы қазбалар арасында жетекші орын алады.

Цеолиттер суды тазарту үшін ион алмастырғыш ретінде, катализаторлар, жуғыш заттар, ядролық қалдықтарды ұстау, құрылыс материалдары, газды бөлу және тазарту және басқа да салаларда кеңінен қолданылады [44].

Цеолиттердің кристалдылығы оларға механикалық және химиялық тұрақтылықты, кеуектердің, арналардың, қуыстардың бірдей және бақыланатын мөлшерін қамтамасыз етеді, сондықтан олар молекулалық сүзгілер, адсорбенттер, жуғыш заттар ретінде қолданылады [43-48].

Алайда қазіргі уақытта цеолиттер катализатор ретінде кеңінен қолданылады [36-38], әсіресе олардың гетерогенді катализде қолданылуы келесі қасиеттерге байланысты перспективті болып саналады: цеолиттердің кеуек мөлшері әдетте 2 нм-ден төмен, нәтижесінде олар белгілі бір молекулаларға қатысты жақсы стерикалық селективтілік көрсетеді; цеолиттердің ион алмастырғыш қасиеттері бар, бұл цеолит құрамына каталитикалық қасиет көрсететін металл катиондарын енгізуге мүмкіндік береді; H⁺ үшін катиондық орталықтардың ион алмасуы арқылы әлсіз/күшті қышқылдық орталықтардың санын реттеуге болады; цеолиттердің құрамында тек өлшемдері ғана емес, сонымен бірге өзара бағдары да әртүрлі кеуектер болады.

Қуыстардың наноөлшемдері, белсенді орталықтардың реттелген орналасу мүмкіндігі, молекулалардың химиялық топтарына әсер етудің селективтілігі мен бағыттылығы цеолиттерді нанотехнологияның құралы ғана емес, олардың объектісі де етеді [49-54].

Цеолиттер сонымен қатар порцеланитті цементін алу үшін қолданылады, газдар мен сұйықтықтарды кептіруге қызмет етеді және жоғары сапалы адсорбенттерді қолдануды қажет ететін бірқатар басқа салаларда қолданылады [55-58]. Көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындардың шығарындыларында клиноптилолитпен керемет ұсталатын күкіртті және басқа қышқыл газдар бар. Цеолиттер ауыз суы мен өнеркәсіптік ағынды суларды бірқатар улы заттардан: сынап, кадмий, қорғасын, радиоактивті элементтерден тазартуда өте маңызды рөл атқарады [59-62].

Минералды цеолиттер медициналық мақсатта да қолданылуы мүмкін. Тұздарды, металдарды, күкіртті цеолит өзіне нәзік сіңіру және тарту қабілетімен медициналық мақсатта кеңінен қолданылады [63]. Қысқа мерзімді әсері бар шағын дозаларда цеолит жалпы денеге жағымды әсер етеді, бірақ көп мөлшермен ұзақ байланыста ол жасуша құрылымын өзгерте бастайды да мутациялар мен қоздырғыштарды тудырады.

Заманауи технология жанданған дәуірде өндіріс орындарының даму кезеңінде жоғарыда аталған табиғи минерал цеолиттің атқарар қызметі ерекше көзге түседі, қоршаған ортаны қорғау мақсатында яғни суды және топырақты мұнай өнімдерінен тазартудың цеолиттік технологиясы Қазақстанда келесі нысандағы зауыттарда қолданылады: Қызылорда облысында орналасқан «Petro Kazakhstan Kumkol Resours» акционерлік қоғамы, «Жылыоймұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасының «Терең-Өзек» кен орны, «Доссормұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасының Қарсақ кен орны, «ҚазМұнайГаз» БӨ» акционерлік қоғамының Атырау облысындағы «Ембімұнайгаз» өндірістік зауыты; Маңғыстау облысындағы «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы, «ҚазМұнайГаз БӨ» акционерлік қоғамы [64].

